«Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы Жібек жолы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

# Тәрбие жұмыс жоспары бойынша 2020-2021 оқу жылында атқарылған іс-шаралардың сараптамасы




Тәрбие ісі меңгерушілері: Татенова С.Т

Ишмухаммедова У.Т

2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізілді. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

***«Құндылықтарға негізделген білім беру»*** бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі тануын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары жүйесін білім беру ұйымының жалпы ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар **(сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.)** және ұлттық құндылықтар – **(тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр**) құрайды.Әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, ата-аналар және басқалар өздері оқушыларға еліктеудің үлгісі бола отырып – зиянды әдеттерсіз, балаларға және бір-біріне мейірімді; қарым-қатынаста ашық және сынамайтын құндылықтар дарытады.

**Мектептегі тәрбие жүйесінің құрылымына төмендегілер кіреді:**

- Әлеуметтік –педагогикалық қызмет;
- Психологиялық –педагогикалық қызмет;
- «Бақытты шаңырақ» отбасы клубы (ата-аналармен жұмыс);
- Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы;
- «Жасұлан» ұйымы және өзін-өзі басқару жүйесі;
- «Деңсаулық» салауатты өмір салты орталығы;
- Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі;
- «Намыс» ұлдар клубы;
- «Көркем»қыздар клубы,
- Мектептен тыс мекемелермен байланыс жұмыстары
- Кітапхана жұмысы
- Мектеп медбике жұмысы

Мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта жүзеге асырады.

**I. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізілді:**

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

**II. Ғылыми-әдістемелік ұсынымдар қолданды:**

1. «Қазақстандағы балалар мен жас өспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» әдістеме;

2. «Тәрбиелік іс-шара: алға қойылған мақсатқа жету деңгейін өлшеу критерийлер» әдістемелік ұсынымдар;

3. «Саналы азамат»-оқушының білім алуы мен кәсіби дамуының жеке бағыттары- әдістемелік ұсынымдар;

4. Білім беру саласындағы волонтерлік пен қайырымдылық және олардың білім беру жүйесін жаңғыртудағы ролі- әдістемелік ұсынымдар;

5. Білім беру ұйымдарда «Туған жер» бағдарламасы арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмін бойынша әдістемелік ұсынымдар;

6. «Рухани жаңғыру-қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу»- әдістемелік ұсынымдар

7.«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының әдістемелік ұсынымдары

Мектептегі бүкіл тәрбие шаралар бірінші жарты жылдықта онлайн өткізілді

**Қыркүйек айында атқарылған іс-шаралар**

1.Тамыздың 20- ы күні жалпыреспубликалық***«Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру»*** тақырыбында онлайн ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 51 сынып және 1036 ата-ана қатысып, жаңа оқу жылындағы қашықтықтан оқытуға байланысты өзгерістер мен толықтырулар жайлы ақпарат берілді. Өткізілген жиналыстың хаттамалары толтырылды.

Тамыздың 21- і күні жалпыреспубликалық ***«Мен жаңа оқу жылында қалай оқимын»*** тақырыбында онлайн оқушылармен сынып-сағаттары өткізілді. Жиналысқа 51 сынып және 1033 дан астам оқушылар қатысты. Сондай-ақ оқушыларға жаңа оқу жылында зуум және классрум платформаларын мектеп таңдағаны және қалай жұмыс жасайтынымыз жайлы ақпараттар берілді. Оқушылар түсінбеген сұрақтарына жауаптарын толықтай алды.

Қыркүйектің 1-і күні ***«Білім күніне»*** арналған Ата Заңымыздың 25 жылдығына, Әбу Насыр әл- Фарабидің 1150, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған оффлайн және онлайн тәрбие сағаттары өтті.Жалпы бастауыштан кезекші сыныптардан 136 бала қамтылды. Сонымен қатар 900 астам оқушылар қашықтықтан ZOOM және WhatsApp арқылы тәрбие сағаттарына қатысып белсенділік танытты.





Қыркүйектің 1-5 аралығында сынып жетекшілерге тәрбие жоспарларын жасау туралы ақпарат беріліп, накты бағыттарын түсіндіріп, жаңа оқу жылындағы сынып сағаттарының тақырыптарымен таныстырылды.

Қыркүйектің 1-5 аралығында Мектеп автобусымен тасымалданатын кезекші 1 сынып оқушыларының тізімі жасалынды, автобустың графигі, жалпы шақырымы, схемасы және де атқарылатын кезекшілік бекітілді.





Мектебімізде Қазақстан халқының Тілдер күні мерекесіне орай мектебімізде ***«Мәңгілік елімнің мәңгілік тілі»*** атты онкүндік онлайн іс- шара 04-16 қыркүйек аралығында өткізіліп, қорытындыланды. Онкүндік онлайн іс- шара қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестігінің жоспары негізінде 04 қыркүйекте басталды. Жоспар бойынша бірнеше іс- шаралар өткізілді. Абай Құнанбаевтың туғанына - 175 жыл толуына байланысты өлеңдерінен үзінді монолог оқу 3- тілде ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде өткізді, сурет сайыстары мен Абай өлеңдерін жатқа айтып, эсселер жазылып, тарих пәні ұстаздары да өз үлестерін қосты.Сынып жетекшілері тілдер апталығына орай сынып-сағаттарын өткізді. Өткізілген іс-шараларға видеоролик,челлендж жасалынып, фейсбукке салынды. Іс-шараға оқушылар оқушылар белсенді қатысып, алғыс хат, диплом, сертификаттармен марапатталды.

Қыркүйектің 5-і күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың қыркүйек айында елімізге жолдаған Жолдауымен тарих пәні ұстаздары мектеп ұжымына таныстырып өтті. 17-ші қыркүйек күні, жалпыреспубликалық ата-аналарымен ***«Қашықтан оқыту кезінде балаға қалай көмектесуге болады?»*** қашықтықтан ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар жиналысы ZOOM, Whatsapp желілері арқылы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында, коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2020-2021 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналар хабардар болды. Мектеп бойынша таңдалған платформалардың жұмысы мен бағалау жүйесі жайлы түсінік берілді. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, ағымдағы мәселелер төңірегінде сұхбат жүргізілді.






Қыркүйектің 21-і күні Облыстық отбасы сайысы өткізілді. Біздің мектебіміздің отбасы клубы ***«Бақытты шаңырақ»*** деп аталады. 2019-2020 жылғы оқу жылында отбасылар арасында мектебімізде өте керемет іс-шаралар жүргізілді. Атап айтатын болсақ: Спорттық, мерекелік, концерттік іс шаралар, кездесулер, құттықтаулар өткізді.Облыстық сайыстан Алғыс хатпен марапатталды.Бұл

«Мектеп-оқушы-ата-ана» үштігінің бірлескен жұмыстың нәтижесіҚыркүйектің 25-і күні мектебіміздің кезекші сыныпта оқитын оқушылармен сынып-жетекшілері ***«Қауіпсіз мектеп»*** атты тәрбие сағаттарын өткізді.








**Қазан айында атқарылған іс-шаралар**

**1. «1 қазан- Халықаралық қарттар күні»** мектебіміздің барлық оқушылары қарттар мерекесіне өте белсенді қатысып, бейнероликтер жасап, 1 Қазанды біз жылы және жүрекжарды мереке ретінде атап өтіп , қарттарға деген жылылықты сезінді.. Бұл күні бәріміз Қарттарды қастерлеп , құрмет көрсетіп жатамыз , десек- те мұндай құрмет сіздердің ерен еңбектеріңіз бен адамгершілік және даналық қасиеттеріңіздің қасында азғантай ғана үлесіміз болып табылады . И.Құтпанұлы мектебінің оқушылары - бүгінгі күннің ұрпақтары сіздердің теңдесі жоқ ерлік істеріңізбен Отансүйгіш қасиеттеріңізді мақтан етеді. «Қария - ел қазынасы» атты тақырыпта көптеген іс-шаралар өткізіліп сайттарда жарияланды.







Ұстаз-зор тұлға,ол күннің құдіретті сәулесі іспетті. "Егер мен мұғалім болсам" тақырыбында жазған эссе жұмыстарын жазды. Құрметті ұстаздар мен білім саласының ардагерлері! Сіздерді мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шығармашылық табыстар, ізгі махаббат пен мейірім тілейміз!Ата-аналарымыздың ұстаздар қауымына арнаған құттықтау тілектерін жолдады. Сонымен қатар"Ұстаздар династиясы" атанған әулет. Торсықбаева Жанар Сапаржанқызы- бастауыш сынып мұғалімі таныстыру бейнеролигін жасады.

Күз мезгілі күзгі мерекесіз өтер ме? Мектебімізде қазанның 12-16-ы күндері аралығында "Күз мереке- күз береке" атты тақырыпта көптеген күз мерекесіне

орай іс- шаралар өтті.. Мерекеміз 4 сыныптар арасында "Күз ханзадасы мен ханшайымы" байқауымен басталды.  Қазанның 13- і күні мектебімізде кезекші сыныптармен ұстаздарымыз "Күз мереке-күз береке" тақырыбында сынып-сағаттарын өткізді.Оқушыларымыз өте белсенді қатысып, күзгі мерекенің керемет әсерін алды. Қолынан өнері тамған 2 сынып оқушыларының "Күз ғажайыптары" суреттер көрмесін жасап, бейнеролик жасады.Сонымен қатар күз мерекесіне орай 7-ші сынып оқушыларымыз "Берекелі күз мерзімі" тақырыбында өткен күзгі бұйымдардан көрме жасады.




Қазанның 14-і күні мектебімізде 8- ші сынып оқушыларымыз да өз қолдарымен жасаған "Берекелі күз мерзімі" тақырыбында күзгі бұйымдардан әсем, тартымды көрмесімен таныстырды.

Қазанның 16-ы күні мектебімізде күз мерекесіне арналған шаралар өз жалғасын тапты.9-шы және 10- шы сынып оқушыларының керемет фантазиясымен "Бір қағым сәт" тақырыбында күздің әсем көріністерінен видеоролик жасады.Оқушыларымыздың болашақта үлкен маман иесі болуына тілектеспіз

2020-2021 жылғы оқу жылында қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты кезекші сыныптан басқа, 1-11 сынып оқушылары қашықтықтан оқу форматында білім алуда. Аршалы білім беру ұйымының ұйымдастыруымен, компьютерлерді уақытша беру бірінші кезекте әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларға берілді. Мектебіміздің 150 отбасының балалары, 140 нетбук және 10 компьютермен қамтылды. Алынған компьютерлер мұқтаж оқушыларға уақытша пайдалануға берілді. Мектебіміздің көмекпен қамтылған барлық отбасылары ауданымыздың білім бөліміне алғыстарын білдіріп жатыр.




9.  " Отбасы - шағын мемлекет" атты Отбасы күні Мемлекет басшысының Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып

өтіледі. Біздің мектеп Сіздерді отбасы күнімен шын жүректен құттықтайды ! Әрбір күннің минутында , әрбір сағатында , жанұяңызды ыстық ықыласыңыз бен махаббатыңызға бөлей жүріңіз деп суреттер байқауын ұйымдастырып, 5-ші сынып оқушылары бейнеролик түсірді.

10.Мектебіміздің 10-сынып оқушысы, жан- жақты, білімді Сардарқызы Аружан, "Абай Құнанбайұлының 175 жылдық" мерейтойына байланысты ұйымдастырылған облыстық конференцияға да қатысты. Конференцияда Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты ғылыми баяндамалар таныстырылды.



11.14-16 қазан аралығында өткен "Менің Отаныма-менің бастамам" оқушылардың шығармашылық жобалар байқауына республикамыздың түкпір-түкпірінен 170 оқушы қатысып өздерінің жұмыстарын қорғады.Осы додаға облыстық турдың жеңімпазы мектебіміздің 10 сынып оқушысы Сардар Аружан "Жаңғырту полюсы" номинация бойынша " Заманауи киімдегі түркі халықтарының қолтаңбасын жаңғырту"тақырыбы бойынша өз жобасын ұсынып, ІІІ-орын жеңімпазы атанды. Дипломмен марапатталып, смарт сағат ұтып алды. Жетекшісі мектебіміздің өте тәжірибелі ұстазы: Татенова Слушаш Турсунгалиевна алғыс хатпен марапатталды.

**Қараша айында атқарылған іс-шаралар**

1.Мектебімізде Қарашаның 4-і күні жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және оқушылардың бойында азаматтық –патриоттықтық тәрбие қалыптастыру мақсатында "Адал ұрпақ" клубы көптеген жұмыстар жүргізілуде.



2. Қарашаның 4-і күні Баланың өз ата-анасының отбасында және өзге де туысқандарымен тұруына, олармен қарым-қатынас жасауға құқығы бар.Баланың өз ата-анасының тәрбиесінде болуға, мүдделері мен жан-жақты дамуының қамтамасыз етілуіне, оның адамдық кадір-касиетінің құрметтелуіне қақысы бар.




3. Қарашаның 10-ы күні Аудан көлемінде оқушылар арасында Иманжүсіп Құтпанұлы шығармашылығын насихаттау, дарынды оқушыларды анықтау, ынталандыру мақсатында "Даланың дара дүлділі" атты тақырыпта Иманжүсіп оқулары байқауының ашылу салтанаты.Барлық қатысушыларға сәттілік тілейміз.




4. Қарашаның 11-і күні 9 "Б" сыныбының "Кітаптар әлемінде" тақырыбындағы көрмесін қабыл алыңыздар! Көрменің ұйымдастырылуына көмектескен мектеп кітапханашысы Айгүл апайға көп рахмет! Ізгі ниетпен 9 "Б" сыныбының жетекшісі Айгүл Ертайқызы.







5. Қарашаның 11-і күні 10 А сынып оқушысы Бақытжан Аружан үшін Өз отбасы жарастық пен сыйластық ортасы. бойындағы барлық жақсы қасиеттер отбасындағы тәрбие мен ата-анасы арқылы дарығанын мақтан етеді."Отан отбасынан басталады"







6. Қарашаның 12-і күні "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз" атты қашықтықтан эстафеталық челленджді Аршалы ауданындағы мектептерге жолдаймыз.







7. Қарашаның 13-і күні Мектеп оқушыларымен күзгі каникулда көптеген онлайн тәрбие шаралары өткізілді. Дегенмен отбасымен өткен әр сәт жылулық пен мейірімділік сыйлап, рухани байытады.







8. Қарашаның 13-і күні Мектебімізде қашықтықтан өткізілген Аудандық "Иманжүсіп оқулары" байқауының қатысушысы 9 "а" сынып оқушысы ЖИЕНБАЕВА ЗАРИНА "Сал-серінің өмір жолы" тақырыбында Иманжүсіп Құтпанұлы туралы ғылыми жоба жазып жүлделі I орынды иеленді. Жетекшісі:тарих және география пәнінің мұғалімі: Кадырбаева Б.К.




9. Қарашаның 18-і күні И.Құтпанұлы атындағы орта мектебінің аз қамтылған, көмекке мұқтаж 70 отбасына "ҚАЗАҚСТАН ҚЫЗЫЛ АЙЫ" қорынан материалдық көмек көрсетілді.Азық- түлік 2 сөмке, шаруашылық тауарлары

және де оқушылар кеңсе тауарларымен қамтамасыз етілді. Ата- аналардың көмек жасаған "ҚАЗАҚСТАН ҚЫЗЫЛ АЙЫ" қорына алғысы шексіз.




10. Оқушылардың күзгі каникул кезінде тұңғыш рет Аршалы аудандық білім бөлімі мен Иманжүсіп Құтпанұлы орта мектебі «Даланың дара дүлділі» атты онлайн Иманжүсіп оқуларын өткізіп қорытындысы онлайн ZOOM платформасында өткізілді.Осы іс-шараның ұйымдастыруына, өткізуіне ат салысқан Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебің директоры Туркестанбаева Акнұр Арысбаевна қатысушы оқушыларды құттықтады. Әділ бағасын берген қазылар алқасының мүшелері – Аршалы аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мамбетов Талғат Жанабергенович, аудандық қазақ тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, тәжірибелі ұстаз Ауғанбай Жұмай аға, жас журналист- ақын, Еуразия Ұлттық университетінің магистранты, Иманжүсіп мектебінің түлегі Сериков Аль-Фараби Теміржанұлы қатысушы оқушыларды құттықтап, жіберілген жұмыстарға сараптама жасады. Осы сайысқа аудан мектептерінен 15 мектептен 41 оқушы қатысты. 8 оқушы жүлделі ІІІ дәрежедегі Дипломмен және қола медальмен марапатталды. 7 оқушы жүлделі ІІ дәрежедегі Дипломмен және күміс медальмен марапатталады.І дәрежедегі Диплом мен және

Алтын медальмен 5 оқушы марапатталды. Қалған қатысушы оқушыларға Иманжүсіп оқуларының Сертификаттары табысталды.
Сонымен құрметті Иманжүсіп оқуларына қатысқан оқушылар және ұстаздар, осы іс- шараны ұйымдастырып өткізген Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы мектеп ұжымына және соның ішінде тәрбие ісі меңгерушісі: Татенова Слушаш Турсунгалиевнамен басынан аяғына дейін осы шараның ұйымдастырылуына белсенділік танытқан қазақ тілі пәні ұстаздарына өз ризашылықтарын білдірді!






11. Қарашаның 20-ы күні "Спорт- денсаулық кепілі" атты спорттық шара өткізілді.Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, әрі шыдамды болады. Денсаулық адамдың ең қымбат дүниесі. Сондықтан біз денсаулығымызды нығайту үшін спортпен шұғылдануымыз керек. Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектеп оқушылары: САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН қолдайды!







12. Қарашаның 30-ы күні "1 желтоқсан- Тұңғыш Президент" күніне арналған 10 сынып оқушыларының "Елі үшін туған - Елбасы" тақырып аясындағы бейнежазба жасады.






13. Қарашаның 30-ы күні Аршалы ауданы Жібек жолы ауылының Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде "Болашақты болжаған кемел тұлға" атты тақырыпта Елбасы күніне арналған ZOOM-мен онлайн конференция өтті. Осы конференция Еуразия Ұлттық Университетінің аға оқытушысы Бибігүл Мұратбекқызы мен тарих факультетінің 2 курс магистранты, мектебіміздің тарих пәні ұстазы Ұлболсын Тобышбайқызының ұйымдастыруымен өткізілді. Іс- шарамыздың басты қонағы Еуразия Ұлттық Университетінің оқытушысы,Тарих ғылымының докторы, профессор-Алпысбес Махсат Алпысбесұлы мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары мен тарих пәні ұстаздарын

мерекемен құттықтап, Қазақстанның әлемдегі бүгінгі орны мен беделін мақтанышпен атап айтуға болатынын көрсетті.
Іс-шара барысында оқушылар профессор- Махсат Алпысбесұлына өз сұрақтарын қойып, толғандыратын мәселелеріне толыққанды мәлімет алды., Халықаралық Мұқағали Мақатаевтың "Жырлайды жүрек" байқауының бас жүлде иегері;Облыстық 21 ші Абай оқуларының I орын иегері;Жас ақын, 11-ші сынып оқушысы - Батталова Мақпал жүрек жарды өлеңін оқып берді.

## Желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар

**1.** 1-ші желтоқсан күні мектебімізде 5 ші сынып оқушылары арасында сынып жетекшілері қашықтықтан сынып сағаттарын өткізді.
Және осы оқушыларға төмендегідей шаралар ұйымдастырды:
1. Тұңғыш Президент- тақырыбына- кластер;
2. Тұңғыш Президент-Елбасы-синквейн;
3. Елбасына арнаған сурет салу немесе өлең оқу тапсырылды.Оқушыларымыз өте белсенді қатысып,мереке күніне өлең жолдарын ұсынды.



**2.** 9-шы желтоқсан күні Ата бабамыз аңсаған тәуелсіздік мерекесі де келіп жетті. Еліміздің ертеңі білімді ұрпақ екені сөзсіз. Олай болса Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің биыл ғана мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндеріміз өз құттықтауларын паш етті.





**3.** Пандемия кезінде оқушыларымыз қашықтан оқыса да еліміздің елеулі мерекесіне өз лебіздері мен құттықтауларын арнады. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын

Желтоқсанның 9-шы жұлдызында мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары Тәуелсіздік мерекесіне арнап тақпақтарын орындады.




**4.** 14-ші желтоқсан күні мектебімізде оқушылардың ұйымдастыруымен Тәуелсіздік мерекесіне арналған қашықтықтан онлайн концерті өткізілді.Тауелсіздік күні құтты болсын.



**5**. 14-ші желтоқсан күні "Тәуелсіздік тұғырың сенің биікте"демекші Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мерекеге орай мектебімізде "Шынықсаң шымыр боласың" атты қашықтықтан 5-6 сыныптар арасында спорттық шара өткізілді. Оқушыларымыз өте белсенді қатысып жүлделі орындарға ие болды.Және сыйлықтар табысталды!



**7.** 14-ші желтоқсан күні Қазақстан Республикасы ауыл мектептерінің 5-6 сынып оқушылары арасында өткізілген "Min' bala" Ұлттық Олимпиадасының жеңімпаздары: Махсұт Наргиз -7 "в" сынып оқушысы және Наурызбаева Меруерт- 6 "а" сынып оқушысы ДИПЛОММЕН марапатталды.Сонымен қатар бағалы сыйлықтар табысталды.Оқушыларымызды жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз.Толағай табыстар, қажырлы еңбек тілейміз.




**8.** Мектеп оқушыларының Тәуелсіздік күнімен құттықтауы.Құрметті Қазақ елі! Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматына құтты болсын.Оқушыларымыздың қосқан үлесі деп ойлаймын.Ұстаздар әр оқушының жетістігі сіздердің еңбектеріңіздің арқасы!!

**9.** Мектебімізде Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында оқушылар арасында "Тәуелсіздік- тұғырым" атты Қолөнер және жаңа технологиялар бағыты бойынша шығармашылық шара өткізілді. Белсенді қатысқан оқушылар "Атадан мұра" қорының Республикалық "Тәуелсіздік- тұғырым" онлайн шығармашылық байқауына қатысып ГРАН- ПРИ, ДИПЛОМмен марапатталды.Үздік шәкірт дайындағаны үшін жетекшісі:Койшыбаева Бәтима Каниевна марапатталды. Рухы биік, намысы берік бабаларымыздың ғасырлар бойғы асыл мұраты – азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау біздің басты мұратымыз. Дәулетіміз шалқып, береке - бірлігіміз жараса берсін!Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай!




**10.** Тышқан жылының қайғы-мұңын,өкпе-назын артқа тастап келе жатқан сиыр жылын көтеріңкі көңіл күймен, тың ойлармен қарсы алу қажет.

Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен аппақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол создыратын ең сүйікті мерекеміз. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды.

Осындай ниетте мектебіміздің кәсіподақ ұйымы, төрайымы М.К.Сарсенбаеваның, ұйымдастыруымен мектеп ұжымын құттықтады.Жас баладай жүректен шыққан тамаша тілектер мен қолымызға ұсынған жаңа жылдық сыйлықтарға мәз болдық.



**Қаңтар айында атқарылған іс-шаралар**

1.Қаңтардың 6- шы жұлдызында Желтоқсанның 5 жұлдызында Пушкиннің 220 жылдығы аясында өткізілген оқушылар арасындағы аудандық Пушкин оқуларына И.Құтпанұлы атындағы орта мектебінің оқушылары белсенді қатысып жақсы нәтиже көрсетті. «Өмірімнің басында мектеп есімде..» тақырыбын көрсететін мәнерлеп оқу сайысында 8 сынып оқушылары Базарбаев Айгерим І орын, Куанышбаева Сабина ІІ орынға ие болды. Жетекшісі Сарсенбаева Маржан Кайруллиевна.Оқушылардың шығармашылық жұмыстары байқауында 9 сынып оқушысы Жутан Марат ақынның «Осенняя пора очей очарованье..» өлеңі бойынша күз көрінісінің тамаша суретін салып, ІІ орынға ие болды. Жетекшісі Абилсеитова Бахыт Каблановна.Өз шығармалар байқауы бойынша 11 сынып оқушысы Батталова Макпал «Пушкинге арнау» атта өлең шығарып, ІІ орынға ие болды. Жетекшісі Сулейменова Гульнар Естаевна.Білімді, білікті оқушыларымыз көп болсын.Шығармашылық табыстар тілеймін!





2. Қаңтардың 8- ші жұлдызында мектебімізде оқушыларды Отансүйгіштікке,елжандылыққа,ата-баба ерліктері рухына тәрбиелеу, өнерге баулу мақсатында "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне" арналған "І

Love KZ" іс-шарасына қатысып ең әдемі селфи түсіріп,ең көп дауыс жинаған оқушыларымыз марапатталды.
I орын Рахметова Алия,
II орын Сымбатқызы Әдемі,
III орын Ирмагамбет Аяулым иеленді.
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы: Бабабекова Айнұр .







3. Мектебімізде қаңтардың 19-29 аралығында «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық онкүндікке байланысты іс-шара жоспарлары жасалып, жоспарға сәйкес жолда жүру ережелерін мұқият сақтау мақсатында "Жарқын бол!" тақырыбында сынып жетекшілер оқушылармен сынып сағаттарын өткізді.Акцияның мақсаты –балаларды мектеп автобустарының тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жол- көлік оқиғаларының алдын алу. Акцияның басты ұраны: « Қауіпсіз мектеп автобусы». Бұл Республикалық акция балаларға , ата – аналарға және қоғамға қауіпсіз жол қозғалысы және балаларды тасымалдау ережелері туралы ескертеді.






4. Жоспарға сәйкес қаңтардың 26-ы күні оқушылардың жолда жүру ережесін қаншалықты дәрежеде білетіндігін анықтау мақсатында мектеп психологы Қуан Ұлбүбі кезекші сыныпта оқитын 3,4 - сынып оқушыларынан "Жол жүру ережесін білесіз бе?" тақырыбында сауалнама жүргізді.

Сауалнама нәтижесінде оқушылардың жолда жүру ережесін мұқият сақтап, жол тәртібімен жүретіндігі анықталды.






5. Қаңтардың 26-ы күні балаларды мектепке және үйге дейін қауіпсіз және жайлы жеткізуді қамтамасыз ету, жол – көлік оқиғаларының алдын алу, сондай – ақ балаларды тасымалдауды ұйымдастыру кезінде қауіпсіздікті сақтау мақсатында 1-2 сыныптар арасында сурет байқауы өткізіліп, оқушыларымыз өз шығармашылықтарын белсенді түрде көрсете білді.

6. 27 қаңтар күні мектебімізде 11 сынып оқушысы Мақпал Рахатқызының шығармашылық кеші өткізілді. Қазіргі таңда көптеген жас ақындар өз мәнерімен өлең әлеміне қанат қағуда. Олардың әрқайсысы өздеріне тән қолтаңбасымен танылып, қалыптасып келеді. Солардың бірі – Мақпал Рахатқызы.2021 жылдың 27 қаңтар күні қашықтықтан онлайн форматта Аршалы ауданы Жібек жолы ауылы Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің мақтанышы, оқу озаты, аудандық, облыстық, республикалық сайыстардың жеңімпазы, жас ақын Батталова Мақпал Рахатқызының «Жүрек - теңіз» атты шығармашылық кеші өткізілді. Шығармашылық кештің өткізілу мақсаты жас ақынның талабын ұштап, үлкен өмір жолына ақ жол нұсқау, шығармашылығын дәріптеу. Атап кететін жайт осы шығармашылық кешпен аттас Мақпалдың «Жүрек - теңіз» атты алғашқы шығармалар жинағы жарық көрді. Жинақтың шығуына мектептің ұлағатты ұстазы, тәрбие ісінің меңгерушісі Татенова Сұлушаш Тұрсынғалиқызы, Мақпалдың жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Жунусова Амина Кумарбековна, мектеп әкімшілігі себепкер болса, жинаққа өз бағасын беріп, пікірін білдірген Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Насыритдинова Әсемгүл Насыритдинқызы. Шығармашылық кешке жас ақынды қолдап Халықаралық ҚазАқпарат агенттігінің редакторы, ақын, Республикалық, халықаралық жыр мүшәйраларының жеңімпазы Ризабек Нүсіпбекұлы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты , педагогика мамандығының доценті Карбаева Шолпан Шайкенқызы, Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта



мектебінің түлегі, аудандық, облыстық сайыстардың жеңімпазы, Еуразия ұлттық университетінің түлегі, жас журналист, магистрант Серік Әл-Фараби Теміржанұлы, Макпал Рахатқызының ұлағатты ұстаздары, сыныптас достары, ата-анасы, туған туыстары еліміздің Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей, Өскемен, Павлодар, Орал қалаларынан қатысып, ізгі тілектерін жолдады."Бұлақ көрсең көзін аш"-демекші, жас ақынның бұдан да биіктен көріне беруіне тілектеспіз!






7. Қаңтардың 28- ші жұлдызында "Қауіпсіз мектеп автобусы" онкүндігі аясында 3 сыныптардың арасында Челлендж өткізілді.Мақсатымыз: балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету,жол-көлік оқиғаларының алдын алу.






8.27-ші қаңтарда "Қауіпсіз мектеп автобусы" акциясының аясында 4-ші сыныптар арасында флешмоб байқауы ұйымдастырылды. Барлық сыныптар жақсы дайындықпен келді. Флешмобтың мақсаты оқушылар арасында жол қауіпсіздігін насихаттау болды.





## Ақпан айында атқарылған іс-шаралар

1. Ақпанның 01-і күні мектебімізде "Спорт- денсаулық кепілі" демекші, дене шынықтыру пәнінің ұстаздарының ұйымдастыруымен 6 сыныптар арасында "Шаңғы шақырады" қысқы спорттық сайыс өткізілді.Барлық оқушылар өте белсенді түрде қатысып жүлделі орындарға ие болды.






2. Ақпанның 02-і күні Өзін- өзі тану пәнінің ұстаздары онкүндік іс- шара жоспарын жасап, оқушыларға мейрімділік таныту мақсатында видеороликтер көрсетілді. Сара Алпысқызы –қоғамның,адамның рухани адамгершілік дамуы бойынша бірнеше кітаптардың авторы, бақытты балалық шақ туралы тұжырымдама құрды 2006 жылы мамыр айында Мәскеуде адамзатты ізгі мұраттарына қызмет атқарғаны үшін «Алтын жүрек» халықаралық сыйлығы тапсырылды.
Сара Алпысқызы жалпы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың қайта өрлеу «Өзін-өзі тану» бағдарламасының авторы болып табылады.






3. Ақпанның 03-і күні «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық - педагогикасы» онкүндігі шеңберінде мектеп кітапханашысы Алімсеит А.К. «Мейірім төгетін ана» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрменің мақсаты әр адамның өмірі мен дамуында ерекше рөл атқаратын,





сүйіспеншілікке, мейірімге баулитын ана туралы, анаға қамқорлық жайлы кітаптар мен әдебиеттер насихаттау болды.

4. Ақпанның үші күні мектеп кітапханашылары мен казақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруы бойынша 5-11-сынып оқушылары арасында "Жас оқырмандар" конференциясы өткізілді. Аталған іс-шарада жас оқырмандар өздерінің оқып жүрген көркем туындыларымен таныстырып, ұстаздарымен ой бөлісіп, жас оқырмандар санын мектепте толықтыру жолдарымен таныстырды, өз шығармашылықтарымен тамсандырды.





5. Мектебімізде ақпанның 04-і күні Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық - педагогикасы» онкүндігіаясында 7 сынып оқушылары "Алтын жүрек" аяулы аналарымызға ізгі тілектерін білдіріп, Челлендж жасады.

6.Ақпанның 04-і күні «Шынықсаң – шымыр боласың» демекші, дене жаттығуы адам баласына қашан да пайдалы. Күні бойы өзіңді сергек сезініп жүрудің де бір тәсілі – спорт. Спорт адам өмірін ұзартады деген сөзді де жиі естуге болады. Спорттың адам өміріне көп пайдасы тиетіні сөзсіз. Сондықтан да адам баласы спортты жанына серік қылу керек. Қазіргі таңда спорттың көптеген түрі бар. Қандай спорт түрін таңдағың келеді, өзің білмей, көзің, ойың жан – жаққа жүгіреді. Спортпен айналысудың пайдасы өте көп.





7. Ақпанның 04-і күні мектебімізде «ШӘКӘРІМ ӨСИЕТІ – АДАЛДЫҚ АЙНАСЫ» тақырыбында кезекші және қашықтықтан оқытылып отырған оқушылармен сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді. Артына мол мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы асқан ақындығына қоса, жазушы,

аудармашы әрі композитор болғандығы айтылды. Сонымен қатар, ақын өзінің 19 жаста жазған «Жастарға» атты өлеңінде де ұлы ұстазының өз өмірінен алатын орны мен мәнін, тіпті кейінгі буын жастарға деген әсер-ықпалын орынды бағалайды. Сонымен қатар, «адалдық», «парасаттылық», жемқорлыққа қарсы тұра білу жолдары мен салдары айтылып, оқушылардың көңіліне өзіне деген сенімділікті арттыру,айтқан сөзінде нық тұру сияқты қасиетті бойына дарытуды мақсат еттік. Оқушылардың да ой-пікірлері тыңдалып,талданды. Әр сыныптың жас ерекшеліктеріне сай бейнежазбалар мен слайд-презентациялар көрсетіліп, баяндамалар оқылды. Пайдаланылған материал арқылы оқушылардың ой-өрісін дамытып, одан әрі өмірде өзіндік орынын білуге еліміздің патриоты болуға, әрі адал ұрпақ даярлауға септігін тигізеді деген ойдамыз.






8.Ақпанның 05-і күні «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық - педагогикасы» онкүндігі шеңберінде "Жақсылық жасауға асығыңыз" тақырыбында қайырымдылық акциясы өткізілді.Мақсатымыз: Оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыра отырып адамгершілікке, кішіпейілділікке, тазалыққа, достыққа, жақсылыққа үйрету.





9. Ақпанның 8-і күні «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық - педагогикасы» онкүндігі шеңберінде "Алтын жүрек анамыз" атты тақырыпта мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.
Мақсатымыз:Оқушы бойында ізгілік,инабаттылық,адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.
Оқушыларды ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.





10. Ақпанның 9-ы күні Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің оқушылары өлеңдерін жатқа айтып берді. Және де 3 В Сынып окушысы Сәндібек Нұртуған Мұқағали Мақатаев "Мен таулықпын" өлеңін тамаша орындап шықты. Сонымен қатар Мұқағали Мақатаевтың 90 жыл мерейтойына орай 11 сынып оқушысы жас ақын: Батталова Мақпал "Ей өмір" өлеңін терең мағыналы сөздерін сондай керемет оқыды. Ақпанның 10-ы күні Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай мектебіміздің педагог- психологы: Қуан Ұлбүбі "Есіңе мені алғайсың" әнін орындады.





11. Ақпанның 09-ы күні «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық - педагогикасы» онкүндігі шеңберінде жас әрі дарынды қолөнершілерді анықтау мақсатында 5 сынып оқушылары арасында “Анама сыйлық ” балалар қолөнерінің онлайн көрмесі өтті. Көрме түрлі идеялардың алуан түрлілігімен ерекшеленді. Мәселен қатысушылардың қағаздан жасаған әр түрлі туындылары шығармашылық ойлау дағдыларының жоғары екендігін көрсетті.





12. Ақпанның 10-ы күні «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық - педагогикасы» онкүндігі шеңберінде "Жомарт жүрек" тақырыбында фото және сурет көрмесі өткізілді.

13. Ақпанның 11-і күні 7-8 сынып оқушылары арасында "Жүрегім тұнған махаббат" тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

«Өзін - өзі тану» пәнінің басты мақсаты - рухани-адамгершілік құндылықтарды негізге алатын, ойы, сөзі мен ісі бір жерден шығатын нағыз мінезді адамды тәрбиелеу. Тіпті Абай өз заманында былай деген екен: «Білім мен ақыл - ойды сақтайтын қойма - адамның мінезі. Білімді сақтайтын берік қойма болмаса, оқудан пайда болмас». Ал тәрбиенің негізі дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар - ожданы мол, еңбеккор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеп өсіру.







14. Ақпанның 13-і күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысы Бабабекова Айнур Сериккалиевнаның ұйымдастыруымен "Ұранды елдің- ұрпағы қайсар" атты әскери-патриоттық сайыс өткізілді.Мақсаты: Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылуының 32 жылдық мерекесін салтанатты турде атап өту.
-Оқушыларды Қазақстандық патриотизмге баулу.
-Оқушылардың әскерде қызмет етуге деген ынталарын артты



15.Ақпанның 12-і күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90жылдық мерейтойына орай, ақын шығармашылығына арналған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Жыр әлемінің Хантәңірі» атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: Ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, көпшілікке кең көлемде насихаттау;
Сайыс:«Жырлайды жүрек», «Әлі талай жыр болып жазыларсың»,«Әр өлеңі-бір әлем» кезеңдері бойынша өткізілді.Сайысқа 30 оқушы қатысып, әр кезең бойынша жеңімпаздар анықталып, арнайы мадақтамамен марапатталды.



16.Ақпанның 16-ы күні Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде «Үздіктің үздігі 2021 жыл» сынып жетекшілер байқауы өткізілді. Сайысқа бала жүрегіне жол таба білген, білім нәрімен сусындатып қана қоймай, бала бойына тәлім- тәрбиенің асыл қазынасын құя білетін, жас та болса ұстаз деген атқа лайық сынып жетекшілеріміз тәрбие жұмысын ұйымдастыруда өзінің озық педагогикалық тәжірибесін көрсете алған сынып жетекшілерге алғысымызды айтамыз.
Өскелең ұрпаққа тәрбие үрдісін жаңаша ұйымдастыруда өзінің тәжірибесімен бөлісуде жоғары жауапкершілік танытқан: Айқынбаева Мадина Муратовна және Сиздикова Айгул Каратаевна Торсықбаева Жанар Сапаржановна «Алғыс хатпен» марапатталды.

III дәрежелі диплом және арнайы кубокпен сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастыруда өзінің озық педагогикалық тәжірибесін көрсете білген: Берлібекова Гүлзат Асқарқызы, Назтан Арайлым Байғалиқызы марапатталды.

II дәрежелі диплом және кубок қазіргі қоғамдағы тәрбиенің рөлін арттырудав шығармашылықпен ата-ана, мектеп арасындағы байланысты көрсете білген: Омарбекова Ақмарал, Бахытқан Ойғырбай марапатталды.
I дәрежелі диплом білім беру жүйесіндегі тәрбие үрдісін жетілдіруде дарындылығымен теориялық және кәсіби деңгейінің жоғары екенін көрсете білген: Асемова Эльмира Беркінбекқызы, Бақытнұр Өркен марапатталды.
Сонымен бас жүлдені мектепішілік « Үздіктің үздігі» айдарымен өткен сынып жетекшілер байқауында сыныппен, ата-анамен жұмыс жасауда инновациялық және шығармашылық идеяларын шеберлікпен көрсете білген 4-ші сынып жетекшісі: Ергеш Нұрсулу Еркінбекқызы және 9-шы сынып жетекшісі: Кадырбаева Бибигуль Кенесбаевна марапатталды.
Дегенмен байқау барысында сынып жетекшілердің ішінен өзінің педагогикалық шеберлігімен, мол тәжірибесімен, шығармашылығымен, ұстаздық дарындылығымен өз ісінің майталмандарын қазылар алқасының шешімімен «Мектебіміздің АЛТЫН ҚОРЫна» енгізу туралы Сертификат беріліп алтын медальмен марапатталды.
Шығармашылық шыңдалуға әріптестермен тәжірибе алмасуда осындай байқаулардың өтуі жаңашылдыққа, ізденіске жетелейді. Сондықтан да осындай байқауды жылда өткізілуі дұрыс деп есептеймін.






17. Ақпанның 19-ы күні «Мұқағали Мақатаев – мәңгілік ғұмыр», «Адалдық адамдықтың белгісі» атты тірбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты:
Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік. Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.







18. Ақпанның 20-ы күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебіміздің оқушылары өз сыныптастарын оқу, білімге шақырды."Артық ғылым кітапта,
Ерінбе оқып көруге"- деп, Абай атамыз айтқандай "Наданмен қас болғанша, кітаппен дос болайық".Қазіргі таңда кітап оқитын оқырман азайып кетті.Ауыл кітапханасын айтпай-ақ,мектеп кітапханасына тек оқулық алу үшін ғана кіреміз.Кітап оқымаған адамның ой-өрісі дамымайды.Сондықтан,кітаппен дос болу керек.





19. Ақпанның 24-і күні мектебіміздің оқушыларымыз алғыс айту күніне арнап ізгі тілектерін білдірді."Алғыс айту күні" – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

20. Ақпанның 24-і күні оқушыларымыз төтенше жағдайлардың алдын-алу мақсатында іс-шаралар өткізілді. Азаматтық қорғаныс - басқару органдарының мемлекеттік жүйесі мен бейбіт және соғыс уақытында ел халқын , заманғы зақымдау құралдарының зақымдау сона шаруашылық жүргізуші объектілері мен аумағыны ( қирату ) факторларының әсерінен , табиғи және

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында жүргізілетін жалпы мемлекеттік шаралардың жиынтығы.







21. Ақпанның 24-і күні еңбек пәні мұғалімдері мектеп оқушыларымен 1-Наурыз «Алғыс айту күніне» орай сурет салу байқауын өткізді. Қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірлігіміздің, мәдени саналуандығымыздың жарқын күні, себебі Елбасы 100-ден аса этностың әрқайсысы өзінің қайталанбас өрнегін салуыныңнәтижесінде біздің Біртұтас Ұлтымыз бірегей артықшылықтар иесіне айналғанын атап өткен еді.





22. Ақпанның 26-ы күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы: мақсат айқын, жол жарқын! Құрметті оқушылар және ата-аналар "Кітап- білім бұлағы"- демекші, сіздерді бірге оқуға шақырамыз!Осы жобаға сәйкес қандай іс-шаралар өткізілсе де барлығымыздың мақсатымыз бір.Сондықтан сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!







**Наурыз айында атқарылған іс-шаралар**

1. Наурыздың 1- і күні Сыбайлас жемқорлыққа карсы «Адалдық сағаты» қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы ғалым, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсаринге арналды.






2. Екінші наурыз күні жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар болып, сал, серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, палуан атанған, халқының қамын ойлап азаттық күрес жүргізген Иманжүсіп атамыздың атылғанына 90 жыл толуына байланысты барлық сыныптармен қашықтықтан zoom платформасында Иманжүсіп Құтпанұлын еске алу тәрбие сағаттары өтті. Бұл тәрбие сағатының оқушылар тың деректермен танысты. Иманжүсіп Құтпанұлының өмірбаянынан сыр шертетін слайдтар көрсетілді. Оқушылар Иманжүсіпке арнап шығарылған ақындардың арнау өлеңдерін жатқа айтып берді.






3. Наурыздың 3- і күні Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында қашықтықтан өткізілген "Шексіз шығармашылық" республикалық байқаудың "Алтын қолдар" номинациясы бойынша I орынмен И. Құтпанұлы атындағы ОМ оқушысы Асылхан Бактияр марапатталды. Жетекшісі: Койшыбаева Батима Каниевна.



4. Ақмола облысы Аршалы ауданы «Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектеп» КММде Қамқоршылық кеңесі мектептің тыныс-тіршілігіне үнемі атсалысып отырады. Биыл қыркүйек айынан бастап, мектептің Қамқоршылық кеңес төрағасы болып - Бектас Серік Мұқсымбекұлы сайланды. Білім саласында көп жыл қызмет жасап, басшылық қызмет атқарған осы мектептің қыр-сырын білетін азамат Қамқоршылық кеңес мүшелерін ұйымдастыра білді. Жыл басында мектептің Қамқоршылық кеңес жоспары құрылып, жоспар негізінде жұмыс жүргізіліп жатыр.
Мектеп басшысы А.А.Туркестанбаева Қамқоршылық кеңестің алғашқы отырысында 2019-2020 оқу жылындағы мектепте атқарылған жұмыс туралы есеп жасап, қашықтықтан оқуды және кезекші сыныптардағы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектеп толықтай «Онлайн мектеп» оқыту платформасына көшкендігін және «Күнделік» электрондық күнделік, критериалы бағалау жүйесі туралы, инклюзивті оқыту мен қосымша білім беру ерекшеліктері туралы толықтай мағлұмат берді.
3 наурыз күні кезекті Қамқоршылық кеңестің отырысы онлайн ZOOM және WhatsApp арқылы өтті ."Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы 127-тармағына сәйкес конкурстық комиссияның отырыстарына Қамқоршылық кеңес құрамынан бақылаушы жіберу тұралы» мәселе қаралды. Қатысқан кеңес мүшелері бірауыздан Қамқоршылық кеңес құрамынан бақылаушы болып Куанышбаева Мадина Тюлегеновнаны ұсынды.



5. Раушан Нұрханқызымен кездесу кеші.Наурыздың бесінші жұлдызында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінің тарих жіне қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдері, 9-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен профессор, философия ғылымының докторы, Иманжүсіптанудың негізін салушы Иманжүсіпова Раушан Нұрханқызымен кездесу кеші ұйымдастырылып,өткізілді. Кешке Иманжүсіптануда ерен еңбек етіп жүрген

еліміздің беделді жоғарғы оқу орындарының магистранттары, ғылыми қызметкерлері, Раушан Нұрханқызының шәкірттері қатысты. Кеш барысында 9-11-сынып оқушылары батыр, ел тәуелсіздігі үшін күрескен күрескер, сазгер, ақын Иманжүсіп Құтпанұлының мол мұралы тағылымымен таныстырып, өлеңдерін оқып, мектебіміздің тарих, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері мен Иманжүсіпова Раушан Нұрханқызының ғибраты мол рухани , мағыналы жылы диалогтарының куәгері болды.




6. Наурыздың 5- і күні Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектебімізде «Адалдық сағаты» қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы ғалым, ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин атамызға арналды.
Мақсатымыз: Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің өмірбаянымен, әдеби, педагогикалық шығармашылығымен таныстыру. Оқушылардың жазушы, ұстаз туралы түсініктерін кеңейту.
2. Сыни тұрғыдан ойландыру арқылы түйінді ой айта білуге, өзіндік пікірін қалыптастыруға дағдыландыру және сөйлеу мәдениетін жетілдіру.
3. Оқушыларды талаптылыққа, білімпаздыққа,еңбексүйгіштікке,әдептілікке тәрбиелеу



7. Наурыздың 5- і күні Педагог-психологтар арасында аудандық семинар өткізілді. Семинарда мектебіміздің атынан "Девиантты мінез-құлықтағы оқушылармен педагогикалық-психологиялық жұмыс" тақырыбында баяндама

жасалды. Мақсаты: мектептегі оқушылардың девиантты мінез-құлқының алдын алу үшін іс-шаралар қолдану бойынша тәжірибемен бөлісу.





8. Наурыздың 6- ы күнімектебімізде 9 бен 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша онлайн жиналысы өткізілді. Жиналыста мектеп психологы:
Ташетова Назгуль Болекбаевна
"Балаларға мемлекеттік емтиханға дайындалуға қалай көмектесу бойынша" кеңестер беріп, ата-аналармен сұхбаттасты.







9.Наурыздың 7- і күні "Келіні жақсының керегесі алтын" қашықтықтан өткізілген аудандық келіндер сайысына мектебіміздің информатика пәні мұғалімі Сейтмуратова Майра Максетқызы қатысып жүлделі III орынға ие болды.Сайыстың мақсаты: Жанұядағы ата – ене, келін, қайын сіңлі, қайын арасындағы қарым - қатынасты нығайту. Ұлттық салт – дәстүрімізге байланысты келіннің орнының ерекше екендігін, от басының ұйтқысы екендігін ұғындыру. Келінге немесе болашақ анаға деген сыйластықты ояту, ананың өмірге деген маңыздылығын ұғындыру
10. 8- наурыз Халықаралық әйелдер мейрамымен шын жүректен құттықтап, әрқашан толысқан айдай ажарланып, күлімдеген күндей
нұрланып, шаттық пен қуанышқа бөленіп, береке-бірліктің бастаушысы, игі істердің қостаушысы болып жүре беріңіздер деп құттықтауларын айтты.






11. Наурыздың 8- і күні оқушыларымыз барлық аналарды шын жүректен құттықтап, өлең жолдарын арнады.Әр адам көзін ашып дүниеге келгенде мейірімді, жүрегі жылы жанды көреді. Ол - Ана. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да – Ана. Әрқашан дұрыс, таза жүр, адал бол деп тілейтінде – Ана.



12. Наурыздың 10- ы күніҚашықтықтан ата- аналармен жиналыс өткізілді. Қарастырылған маңызды мәселелер өте көп болды. Әсіресе соның ішінде атап айтары қазіргі таңдағы көңіл бөлетін бір мәселесі: балалардың интернет тәуелділігі туралы айтылды. Осыған орай ата-аналарды буллинг, кибербуллинг терминдерімен таныстырып, бейнероликтер көрсетілді. Ата-аналарға баларының қандай әлеуметтік желілерде отыратынына көңіл бөліп, зиянды сайттарға шектеу қоюға, балаларымен жиірек бірге уақыт өткізуге кеңестер берілді.





13. Наурыздың 13- і күні мектебімізде жеті атасын білуге дәріптеу мақсатында іс- шара ұйымдастырылды.Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі екені баршаға аян. Мұның

қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық зор қызметі мен маңызын халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген. Енді осы қағиданың терең тамырына көз жіберіп көрейік. Біріншіден, жеті ата тәртібі туыстық, ағайындық бірлікті, ынтымақты ұстана отырып, бір ауыл, бір бауыр болып өмір сүрген. Бір рудың адамдары осы күнге дейін бір жерде мекендеп келе жатыр.








14. Наурыздың 14- і күні Ежелден дәстүр бойынша келе жатқан 14 наурызды «Көрісу (яғни қауышу) күні» деп атайды. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көрші-көлем бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, көрші-көлем бір-бірін шеке асына шақырып, меймандардың отбасына, ағайын-туыстарына амандық-саулық, құт-береке тілейді.

15. Наурыздың 14- і күні оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылды.









16. Наурыздың 18- і күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің "Жоғары математика" кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен республикалық on-line өткізілген олимпиаданың нәтижесі шығарылды. Олимпиадаға 136 білім алушылар қатысуға ниет білдірді, олар 11 сынып оқушылары, колледждердің соңғы курс және университеттің 1 - ші курс студенттері. Олимпиада ZOOM платформасында Google docs бағдарламасында тест түрінде жүргізілді.

Мектебіміздің 11 сынып оқушысы Акажанов Нұржан III дәрежелі дипломмен марапатталды.

17. Наурыздың 18- і күні мектебімізде жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына байланысты сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға жыр алыбы Жамбыл ақынның өмірі мен шығармашылығын меңгерте отырып, Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүюге , оны бағалай білуге тәрбиелеу. Ақын өлеңдерін талдай отырып, оқушылардың дүниетанымы мен ой өрісін дамыта отырып, Жамбыл шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, адамгершілікке, елінінің өнерін сүюге баулу.





18. Наурыздың 18- і күніАта-баба аманатына адалдығымен, жерін жат елге беруге қарсы жан аямай күрескен ерлігімен, өз еліне адал азаматтығымен есте қалған қайсар азамат, Аршалы ауданының тумасы – Жұмабек Ташеновтің туған күніне орай «Есімін елі ұлықтаған» тақырыбында аудандық сырттай сайысы ұйымдастырылды. 15-17 жас аралығында «Эссе» номинациясы бойынша мектебіміздің 9-сынып оқушысы Женисбекова Камила бас жүлде иеленді, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Абдрахманова А. Е.алғыс хатпен марапатталды. 15-17 жас аралығында «Ж.Ташеновке арнау» жас ақындар номинациясы бойынша 11-сынып оқушысы Батталова Макпал Рахатқызы бас жүлдені иеленді, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жунусова Амина.






19. Наурыздың 18- і күні сынып- жетекшілеріміз Қазақтың жаңа жылы - 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күніне арнап сынып- сағаттарын өткізді. Барша қазақ еліне құт- береке, ырыс-несібе, мол бақыт әкелсін. Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың молығатын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін,көңілдің кеңитін кезеңі - Наурыз мейрамы құтты болсын.

20. Наурыздың 18- і күні мектебіміздің көркем еңбек пәнінің ұстаздары Алимсеит Айгүл Капашевна мен Самараханова Эльмира апайымыздың ұйымдастыруымен ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында көрме жасалды. Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз.





21. Мектебімізде наурыздың 19- ы күні Наурыз – көктем мен жаңару мерекесі. Бұл Қазақстанның ең сүйікті және ауқымды мерекелерінің бірі. Мектебімізде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай, Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу аясында ұйымдастырылған."Ұлттық киіммен жұмысқа " челленджін ұйымдастырды.





22. Мектебімізде наурыздың 19- ы күні жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мақсатында 5-7 сынып оқушылары арасында 'Ұлттық ойындар" өткізілмек. Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы мәңгі болмақ.Сол себепті дене шынықтыру пәнінің ұстаздары мен аталған сыныптардың сынып жетекшілері рухани жаңғыруымызға өз үлестерін қосып, оқушыларымыз керемет белсенділік танытты.Барлық сайысқа қатысқан оқушыларға грамота табысталды.Жүлделі

орындарға ие болған оқушылар мадақтамамен және сыйлықтармен марапатталды.





23. 22-ші наурыз күні мектебіміздің оқушылары Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтауларын жеткізді! Наурыз – іргесі сөгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі.Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы – Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт - береке әкелсін!
Еліміз тыныш, туған жеріміз аман болып, әрбір жаңа күн әр отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!





25. Наурыздың 29-ы күні еңбек пәнінің мұғалімі Койшыбаева Батима Каниевна 5 ші сыныптар арасында «Қазақ киімі- көненің көзі» тақырыбында ұлттық киімдер байқауын өткізді.

26. 27 наурыз күні мектебімізде жыл сайын дәстүрге айналған «Абай оқулары» байқауының мектепішілік кезеңі өткізілді. Байқауға 5-11 сынып оқушылары қатысып, хакім Абайдың шығармашылығы бойынша өнерлерін ортаға салды. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жунусова Амина Кумарбековна оқушыларды ақын Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайында презентациямен таныстырып, «Абай әлеміне» әдеби шолу жасады. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абдрахманова А.Е. жетекшілігімен 9 «Б» сынып оқушысы Тұрғанбек Асылан мен 7 «Ә» сынып оқушысы Заит Бақдәулет Абай мен әкесі Құнанбайдың арасындағы тағылымды сұхбатын шағын қойылым ретінде сахналап, Ұлы Абайдың кемеңгерлігін көрермендерге паш етті.

Байқаудың 6 номинациясына оқушылар аса жауапкершілікпен атсалысып, өз өнерлерін көрсетіп, байқаудың тартымды әрі терең мағыналы өтуінде белсенділік танытты






27.Наурыздың 29-ы күні еңбек пәнінің мұғалімі Койшыбаева Батима Каниевна 5 ші сыныптар арасында «Құстар – біздің досымыз!» тақырыбында суреттер байқауын өткізді.

28. Наурыздың 30-ы күні Қарқынды дамыған демократиялық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы диалогсыз және азаматтардың қоғам өміріне белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Мәдени әлемнің маңызды бөлігі – өз көзқарасыңызды сенімді түрде дәлелдеу және білімді түрде дауласу болып табылады.

Міне осы ұстанымды ұстанған «Тарлан» дебат клубының мүшелері бүгін зумм платформасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу баршамызға ортақ міндет» тақырыбында дебат өтті.

29. Наурыздың 31-ікүні «2сәуір - Бүкіләлемдік аутизм жайлы ақпарат тарату күніне» орай мектеп психологы: Ташетова Назгуль Болекбаевна мектебіміздің ата-аналарына, мұғалімдеріне аутизм синдромының себептері, белгілері, оны түзеу үшін жасалынатын коррекциялық жұмыстар туралы ақпарат таратылды.




**Сәуір айындаатқарылған іс-шаралар**

1.Аршалы ауданы Жібек жолы кентіндегі И. Құтпанұлы атындағы мектеп қабырғасында наурыз айының 31-жұлдызы күні Ұстаздар арасында "Үздік педагог -2021" сайысы өткізілді. Сайыста әр пән бірлестігі бойынша бір

мұғалім қатынасты. Сайыстың небәрі екі бөлімнен тұрғанына қарамастан мұғалімдердің үлкен жауапкершілік танытқанын айта кеткен абзал.Сайыстың бірінші кезеңінде ұстаздар соңғы бес жылда жеткен жетістіктері туралы презентация жасады. Екінші кезеңде "Мен жаңашыл ұстазбын" тақырыбында жазылған эсселері негізінде өзіндік ойларын қорғады.
Жүлделі III орынды Бастауыш сынып пәнінің мұғалімі Берлібекова Гүлзат иеленсе, II орынға математика пәнінің мұғалімі Қаратаева Айгүл лайық деп танылды. I орынды және аудандық сайысқа жолдаманы тарих пәнінің мұғалімі Қадырбаева Бибігүл жеңіп алды. Ұстаздарымызға шығармашылық табыстар тілейміз!!!






3. Иманжүсіп Құтпанұлы КММ орта тектебінде өзін -өзі басқару парламенті жұмыс жасауда . Өзін -өзі басқару ұйымының мақсаты : Еліміздің мүддесін ойлайтын , экономикалық бәсекелестікке қабілетті , Білім мен өнерге құштар , елінің тарихын білетін , тілін , дінің , әдет ғұрп, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да , салауатты , адами құндылықтар бойына қалыптасқан , әділетті , қайсар тұлғаны өзін - өзі басқару арқылы қалыптастыру.







4. Сәуірдің 2-жұлдызында «Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде» жұмыс атқарып келе жатқан «Абай әлемі» клубының кезекті іс-шарасы өз мәресіне жетті. Бастауыш сынып ұстаздарының ұйымдастыруымен өткен «Абай оқуларына» даярлық және 1-4 сынып аралығынан 40-қа жуық оқушы қатысты. 3 сағатқа созылған тағылымды да тартысты іс-шараның қорытындысын шығару әділ қазы алқаларына да оңайға

соққан жоқ. Оқушылардың Абайдың шығармашылығынан жаттаған өлеңдер саны мен мәнерлеп оқылуы, әндерінің нақышына келтіріліп орындалуы ескеріліп, әділ шешімі анықталды







5. Иманжүсіп мектебі әнұранының алғашқы орындалуы.Мектепішілік "Үздік ұстаз" байқауында мектеп әнұранының тұсауы кесілді. Сөзі мектебіміздің шәкірті, Еуразия Ұлттық Университетінің магистранты, Иманжүсіп мектебінің түлегі Серік Әл-Фарабидікі болса, әні музыка пәнінің мұғалімі Жанти Ардабектікі. Туынды «Иманжүсіп – тау тұлға» деп аталады. Әнұранды орындағандар, мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Ұлболсын Тобышбайққызы мен Жанти Ардабек. Ән сол бір уақытта ноқтаға басы сыймаған Иманжүсіптей тектінің бейнесін көз алдымызға әкелгендей әсер қалдырды.
Қай кезде де, қай уақытта да алыптың аты өрнекті өнерімен, салиқалы сөзімен жасай бермек.






6. Сауірдің 20-31 і аралығында 5 сыныптар арасында Республикалық «Адалдық сағаты» акиясы өткізілді. Қазыбек би мұрасындағы парасаттылық қағидаттары» 2021 жылдың 28 наурызында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектепте 5 сыныптар арасында тәрбие сағаты «Қазыбек би мұрасындағы парасаттылық қағидаттары» тақырыбында кезекті онлайн адалдық сағаты өтті.Онлайн отырыс барысында оқушылар Қазыбек бидің парасаттылық құндылықтар туралы философиялық ойларымен танысты.

7. Сәуірдің 26 жұлдызында мектебімізде кітапханашы Сәтбаева Гүлжан Яхиевна "Ел бірлігі ең асыл қасиет" кітаптар көрмесі ұйымдастырылды.Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Көрменің мақсаты оқырмандарға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту.

8. Сәуірдің 27 жұлдызында «1 мамыр Ынтымақ күніне» орай И.Құтпанұлы орта мектебінде «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында 5-11сыныптар арасында сурет байқауы өтті. Аталған байқауға 6, 7, 8, 9 сынып оқушылары белсее қатысты.

9. Сәуірдің 29- ы күні "Қазақстан- халықтар достығының мекені" тақырыбында оқушыларымыз бейнероликтер жасап, ізгі құттықтауларын жеткізді. "Бірлік бар жерде - тірлік бар" дейді біздің халық. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді.

10. Сәуірдің жиырма тоғызыншы жұлдызында "1 - мамыр Қазақстан халқының бірлігі" күніне арналған мектебімізде 1-11 сыныптар арасында "Бір шаңырақ астында" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.





11. «1 Мамыр: Бірлік күніне» арналған 5 ші сынып оқушылары мен ата-аналарының бейне құттықтауын жасады.
12. Сәуірдің жиырма сегізінші жұлдызында "Тәуелсіздіктің басты тірегі-татулық!" әр ұлт өкілдерінің танымал азаматтарымен таныстырып тәрбие сағаттарын өткізді.
13. Сәуірдің отызыншы жұлдызында "1 Мамыр - Ынтымақ күні" мерекесіне арналған "Қазақстанның қалауы - ынтымақ пен достықта" тақырыбында 5-8 сыныптар арасында шығармалар сайысы өткізілді.







**Мамыр айында атқарылған іс-шаралар**

1.Мектебімізде мамырдың үші күні Ұлы Отан соғысының 76 жылдығы қарсаңында «Ерлік даңқы ешқашан да өшпейді » атты кітап көрмесі өткізілді. Кітап көрмесінде Ұлы Отан соғысы жылдардағы өлке тарихының сырын ашатын кітаптар, журналдар жинақталған. Жеңіс жолында ерлік көрсеткен Қазақстандық батырлардың есімдерін ұмытпай, тағзым етуге тәрбиелейтін кітаптар оқуға ұсынылды.

2. Ұлы Жеңіс күніне орай мамырдың төрті күні еңбек пәнінің мұғалімі Койшыбеава Б.К 5 сыныптар арасында «Ұлы Жеңіс –жаңғырығы» суреттер байқауын өткізді.








3.Ұлы Жеңіс күніне орай мамырдың төрті күні 7-8 сынып оқушыларының арасында арасында «Сарғайса да тарихтың парағы» атты тақырыпта деректі фильмдер көрсетілді








4. Мектебімізде мамырдың бесінші жұлдызында "7 мамыр Отан қорғаушылар" күні мерекесіне орай 1-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

Біздің тәуелсіздігіміз бен тұтастығымызды, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қас қақпай күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!





5.Мамырдың алтыншы жұлдызында 9 мамыр Жеңістің жетпіс алты жыл толуына орай "Ұрпаққа ұран болған ұлы Жеңіс" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.
«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу.
6.Мамырдың алтыншы жұлдызында"7 мамыр - Отан қорғаушылар" күні мерекесіне орай мектепішілік «Әскери саптық байқау» 9-10 сыныптар өткізілді.
Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз.





7. Мамырдың он үші күні мектебіміздің 11 "ә" сынып оқушысы Жумальдинов Ерсаин Алиханұлы ,Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «қола медальмен» марапатталды.






8. Мамырдың он үші күні сынып жетекшілері «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» туралы жадынамамен таныстырды.





9.Мектебіміздің "Алтын белгі " иегері, түлегі, түрлі деңгейдегі білім бәсекесіне қатысып, барлық шараларда өзін белсенді көрсетіп, жақсы жетістіктерге жете білген Қаирберлиева Диана "Назарбаев Университетінің" грантын ұтып алып, бүгін соның куәсі болып отырмыз.

10. Мамырдың 25 жұлдызында «Сәт сапар- жас түлек» 9,11 сыныптар үшін арналған 9 сынып бойынша - 62 оқушы , 11 сынып бойынша – 35 мектеп бітіруші түлектің қатысуымен соңғы қоңырау салтанатты іс-шара өткізілді. Шараға түлектеріміздің ата-анасы, білім нәрімен сусындатып, тәрбиесін де берген ұстаздары да қатысты







11.Мамырдың 14 жұлдызында "15 мамыр- Халықаралық отбасы күні" мерекесіне арналған «Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында өткізілген шаралар.

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту.Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

12.Мектебімізде мамырдың он төрті күні Террорлық әрекеттер кезіндегі тәртіп ережелері туралы ескерту бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



13.Мектебімізде мамырдың он төрті күні мектепті көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын жандандыу және мектеп алаңын әсем гүлдермен әрлендіру мақсатында мектебімізде "Мектепке бір гүл" акциясы ұйымдастырылды.




14.Мектебімізде мамырдың он төрті күні Терроризм актісінің қауіпі туындаған немесе терроризм актісі жасалған жағдайдағы әрекеттер туралы жадынамамен таныстырды.




15.Мектебімізде мамырдың он төрті күні бүгін танымал қазақстандық ақын Олжас Сүлейменов 85 жасқа толуына байланысты шаралар – өтті
Ақын, ойшыл Олжас Сүлейменовтың тұлғасы – халық тарихының бір бөлігі, оның ұлттық мақтанышы деп есептеуге болады.





16. Оқушылардың бойында мазасыздану, қобалжу сезімін болдырмау мақсатында мектеп психологтары Ташетова Н.Б және Қуан Ұ психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуде. Емтиханды сәтті тапсыру үшін ең бастысы өзіне деген сенімділік жоғары болу керек.

17.Баба рухына тағзым. Мамыр айының 21-інші жұлдызында мектеп ұжымы ұйымдастыруымен ұлы бабаны ұлықтау мақсатында «Ерлік пен намыс жыршысы» атты Қазақ елінің азаттығы үшін арпалысып өткен, халық композиторы, әнші, ақын Иманжүсіп Құтпанұлын еске алу іс-шарасы өткізілді. Атаулы іс-шараға Иманжүсіп Құтпанұлының немересі, Иманжүсіптанушы, философия ғылымдарының докторы, Иманжүсіп Раушан Нұрханқызы,

әдебиеттанушы, ғалым Галия Сагатова, мәдениеттанушы-докторанттар Мадина Жакан, Гүлназ Касбаева, Гульжан Жалеловалар қонақ ретінде шақырылды.
Іс-шарамыздың шымылдығы Иманжүсіп Құтпанұлы орта мектебінің «Иманжүсіп – тау тұлға» деп аталатын мектеп гимнімен ашылды. Қазақ тілімен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хұсайн Ханат жүргізген бағдарлама «Ерлік пен намыс жыршысы» деп аталатын театрлық қойылыммен жалғасты. Қойылым жетекшісі актерлік шеберлік және музыка пәнінің мұғалімі Абдрахманов Олжас сомдаған Иманжүсіп бейнесі көптің көңілінен шығып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Қойылым соңында сахнаға көтерілген Раушан Нұрханқызы ұйымдастырушылар мен келген қонақтарға ризашылығын білдіріп, «Менің арманым – әр қазақтың жүрегінде Иманжүсіпті ояту. Әрқа-зақтың өз Иманжүсібі болуы керек. Атамның есімі туған халқының жүрегінің төрінен орын алып, бостандықты, елінің Тәуелсіздігін жұмыр жер бетіндегі барлық құндылықтардан артық көріп, өзін қазақпын деп санайтын әр бір азаматтың санасында жатталып қалса деймін» деген игі тілегін жеткізді.
Іс-шара Иманжүсіп Құтпанұлы мұғалімдері жайған дастархан басында жалғасын тауып, ас берілді.




18. Мамырдың 25 жұлдызында «Сәт сапар- жас түлек» 9,11 сыныптар үшін арналған 9 сынып бойынша - 62 оқушы , 11 сынып бойынша – 35 мектеп бітіруші түлектің қатысуымен соңғы қоңырау салтанатты іс-шара өткізілді. Шараға түлектеріміздің ата-анасы, білім нәрімен сусындатып, тәрбиесін де берген ұстаздары да қатысты



20.Мамырдың 26 нан бастап білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқыту үшін 2021 жылғы 19 маусымға дейін «Жазғы мектеп» жұмысын ұйымдастыру қолға алынды.




21.Мамырдың 27 ші жұлдызында «Бақытты бала - бақытты ел» Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған Республикалық акцияны өткізу аясында балалардың құқығын қорғау мақсатында «тарих және құқық негіздері" пәні мұғалімдері Айқынбаева Мадина мен Ташетова Назгуль "Құқықтық күзет" тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп кеңестер берілді. Оқушыларға Балалар құқығын қорғау Конвенциясының баптары туралы мағлұмат беріліп, бала құқықтарын қорғау жөнінде кеңестер берілді. Сонымен қатар оқушылардың күнделікті өмірде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша ақыл-кеңестер беріліп, оқушылардың ой-пікірлері тыңдалды.





23.Елбасымыз 1997 жылы 31 мамырды «Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» деп белгілеп, жарлыққа қол қойған болатын. Біз бұл күнді қаралы дата деп атап өтіп, оңай айта салғанымызбен, оның түбінде үлкен қайғы-қасірет жатқаны баршамызға мәлім. Әрбір қазақтың баласы осы қайғы-қасіретті ұмытпауы керек. Бұл кураторлық сағат арқылы, студенттер өткен тарихты еске түсіріп, 31 мамыр тек қайғылы күн ғана емес, біздің ендігі жерде борышымыз — осы қаңқұйлы жылдардың оқиғасы, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі есте сақтау.




